

## СЫЛАҢ ҚЫЗ

Бір перде, күлдіргі (комедия)

Ойнаушылар

Бай — Жабағы, жасы 50

Қатыны — Айсулу, жасы 40

Қызы — Батима, жасы 19

Хакім — оқиған жігіт, жасы 35

Малайы — Әмірзақ, жасы 25

Нұрмаш — жас ақын, жасы 20

Әбутәліп — мұғалім, жасы 30

### I шымылдық

Жабағы Байдың үйіндегі бір бөлме. Екі жақта екі сөк терезенің арасында үлкен айна. Айнаың алдында үстел, үстел Кабырғаларда орындық, бұрышта үстел, жасалың көркейт. Кілем жатқан абдыра. Еденде киіз, алаша кілем, үстел үстінде бірнеше картшық, сив-сауыттар, қалам, есе-шот. Жерге дөңгелек үстел. Үстел жағалай бай мен қызы отыр. Қатыны шай құйып отыр.

### Бірінші көрініс

Бай. (Бір-біреудің артына сарып жатып). Сен әлі нет! Саалы дұнада менің бес теңге жиырма бес тиын ақшам бар. Бес теңге жиырма бес тиын. Келсе жаралыңар алып, алып қал, бес-сырақтан қалған ақша еді, итпін тұқымы созып бермей жүргені. Ендігәрі көрсө сататты кісі емес екен. Тағы кімде?

Ә. Байжұманын баласында жиырма бес тиын күміс бар. Ақ мұрттың баласында майдан қалған жеті сом қырық бес тиын бар. Жеті сом қырық бес тиын. Келсе ақшаны алмай босатпа. Менен қызып жүр. Ез бетінше снзі көрсем екі зекет, бір сүңдетке қой-масын ақ бәлем.

Қатыны. Маған бере ме олар?

Бай. Неге бермейді? Бермейтін әкесінің көз құны жоқ, бір-деке иткізіп қойып па? Аларында бөк жеп жалынып алды да, беруге келгенде бәрі сырғақ. (Ойлап). Ау... алгіні ұмытып кетіпін ғой! Қап! Ой, әттегенай!..

Қатыны. О не? О не?

Бай. Алгі Мақамбеттен тапсырып жібермегенімді қарашы!

Бай. Сүгірдің күзені бар еді, маған әкелсін деп айтқалы отырып.

Қатыны. Күзен табылар, ақшаға кім әкелмес дейсін.

Бай. Қайдан табылады? Ол маған арзан сатады ғой. (Қатынына.) Бір жағынан жанғалақтап есімді шығарып. (Қызына.)

Бәтжан карағым, сен де бәтәңке деп жок жерде қысасың.

Б а т и м а. Мен не қылдым?

Б а й. Бәтәңкені қайте бересің? Екі бәтәңке бар. Басмағын тағы бар. Сендерге киім шақ келетін емес қой. (Аяғын көтеріп.) Міне бес жылғы мәсі, ұлтартып алып киіп жүрміз ғой!

Б а т и м а. Киім шақ келмей не әперіп едің?

Қ а т ы н ы. Не әперіп едің? Бәтәңкесі қалпатымен сөгіліп кетіпті қайтып киіп жүрсін?

Б а й. Ұлтаны сөгілсе, кішкене (қолын көрсетіп) ілгізіп алмас па? Кішкене сөгілгенді тастай берсе түк шақ келе ме?

Қ а т ы н ы (теріс қарап). Жалаңаяқ отыра ма? Жоқты сөйлеп кетеді.

Б а й. Жалаңаяқ... Қане жалаңаяқ (Батимаға) көрсетші бәтәңкенді.

Б а т и м а (аяғын қымтап). Көрсетпеймін. (Теріс қарайды.)

Б а й. Бәтәңке, бәтәңке дейсіңдер. Бәтәңке нардың құны болған жоқ па? 200 сомнан кемге бәтәңке келе ме?

Қ а т ы н ы. Қымбат деп жұрт жалаңаяқ отырады екен ғой. Қымбат болса бір билам-ақ па? Темірбек те қызына бәтәңке әперіпті. Марқия да жаңа бәтәңке киіп жүр, солардан кем бе? Үйіңе келімді, кетімді кісі бар, бір құлақтың қызы құсап жұлығынан шұлауы шығып қалай жүрсін.

Б а й (сасыңқырап). Япырай! Токтай тұршы, немене сөзді көбейтіп кеткенің ештененің ретін білмейсіңдер де, бетімен соғасындар, мен солардың қызынан кем қылайын деп жүр деймісің, құрдан құр борбайлап кетесің. Сауда бұрынғыдай емес. Расход бастан асып жатыр. Екі мың сом налог төлеп отырмын. Шөптің арбасы жүз елу сом. Ұлт қазынасына миллион жарым сом беріп отырмын. Онда да Жақыптан ұялғаннан, айтуы жеткен соң... Құдайдың күдіреті, кашанғы жарылқағаннан бұрын қара таяқтардың зияны бастан асты.

Б а т и м а (шын-аяғын тырс еткізіп жауып тұра жөнеліп). Мен киім әпер десем, қайдағыны үйіп-төгеді, әпермей-ақ қой!

Б а й (қатынына). Сен қойғызады десе, азнап пәлені бастайсың да отырасың.

Қ а т ы н ы. Жалғыз қыздан аяған адыра қалғырдың керегі не? Жиырмаға келгенше үйде ұстап отырушы ма едің. Ақшаны аяп анда оқытпадың, бәрін шошытып, анда ешкімге құда болмадың. Қыздың көркі киім, киім болмаса жұрт пирамида қылмайды.

Б а й. Қой енді, қой күйеу табылар. Жамантай құда болам деп кісі салғызыл отыр...

Қ а т ы н ы (сөзін бөліп). Жамантайдың әлгі бір мойын, қисық, бір бұғана баласына ма? Жалғыз қызыңды жақсы күйеуге берейін

А й с ұ л у. Менің киімдерімді алып берші, қажының тонына шақырып кетті ғой, барып келейін.

Б а т и м а. Киімнің абдырада, төрдегі үйге барып кісеңші.

А й с ұ л у. Мен келгенше үйден шықпа. Біреу бірдекені алып кетер, жалғыз отыруға қорықсаң, Биғашты шақыртып ал. Екеуің ойнап отыра тұр, мен де көп болмаспын.

Б а т и м а. Апа-ау! Биғаш жасыл сәтеннен бір көйлек тіккізіпті, көрдің бе?

А й с ұ л у. Қазақша мекен? Ноғайша мекен?

Б а т и м а. Ноғайшадағы, осы күнде қазақшаны кім киюші еді?

А й с ұ л у. Кім тігіпті?

Б а т и м а. Мәдескеге тіккізіпті, бойға бір түрлі қонады.

А й с ұ л у. Мәдеске тіккен соң, жаман бола ма?

Б а т и м а (белін қысып). Белі денеге жабысып тұрады, етегі былайлау кең келген. (Омырауын көрсетіп.) Мынадан былай тағып тастаған, үлкен жасыл түйме, етегі келтелеу бір түрлі жарасады!

А й с ұ л у. Тәйірі, орыстікіндей сылаңдаған бірдене де.

Б а т и м а. Апау, осы ноғайлардың өзі орысша киіп жүрген жоқ па? Жаңа моды сол емес пе?

А й с ұ л у. Етекті қымтауға келмеген соң не киім сәндігі бар?

Б а т и м а. Ие, бәрібір, көк паплиннен сондай бір көйлек тіктіріп аламын.

А й с ұ л у. Қоя тұр енді не болса соған әуес болмай.

### Төртінші көрініс

Бұрығыздар һәм ХАКІМ

(Қол ұстасып амандасып). Сәламетсыз?

А й с ұ л у. Құдайға шүкір.

Х а к і м. Құданың құдіреті, сіздің үйге келгім келеді де тұрады.

А й с ұ л у. Оның рас карағым! Тәуір көретін кісі келмегенде кісі бір түрлі көңілсіз отырады. Хакім неге келмей жүр деп, Бәтiш скеу-міз де айтысып отыр едік.

Х а к і м. Мен сіздің магнитіңіз бар ғой деп ойлаймын.

А й с ұ л у. Онысы неменесі, жазған!

Х а к і м. Магнит деген бір асыл темір болады, жеңгей, асыл қайшыны білесіз ғой?

А й с ұ л у. Ия.

Х а к і м. Асыл қайшыны инеге жақындатсаңыз инені өзіне тартып алмай ма?

А й с ұ л у. Ия, тартады. Батжанның ұшы сынған қайшысы бір түрлі өткір еді. Ине болсын, шеге болсын тартып тұрушы еді.

Х а к і м. Ия, сіздікі сол қайшы сияқты да, мен ине сияқты. (Ба-

тима теріс қарап күледі.) Женгей, Бәтіш неге күліп отыр. (күліп.)

Айсұлу. Қайдан білейін не деп отырғандарыңды. Не десен де өзім ұғып отырғаным жоқ.

Батима. Апа-ау саған емес, өзінің сөзіне күліп отыр.

Хакім. Жоқ, женгей сізге күлмеймін. (Күліп.) Өзімнің сөзім күлкі болып шығыпты. (Темекі тартады.) Женгей, рахым етіңіз, (ұсынады.)

Айсұлу. Жоқ қарағым, темекіні не қылайын жасаған.

Хакім (Батимаға ұсынып). Бәтіш тартатын шығар.

Батима. Жоқ, ойбай!

Хакім. Женгей.

Айсұлу. Ә...

Батима. Тамағыңыз бар ма ішетін?

Айсұлу. Даяр тұрған дәнене жоқ. Істеп бермесем.

Хакім. Істейтін тамаққа қарамаймын.

Айсұлу. Бірсу тойға шақырып, соған барғалы отырмын. Әйтпесе...

Хакім. Жоқ, әуре болмаңыз, мен даярдан ештеңе жоқ па деп ойлап едім.

Айсұлу. Даяр не болады.

Хакім. Кішкене көңіл ашатын әлгі бір сыраны айтамын.

Батима. Мен әлде не деп отырсам, сыраны айтады екен ғой.

Хакім. Женгеймен екеуміз онан басқа нені білеміз, балалығын қарашы?

Айсұлу. Бай да айтып жүр еді, қант жетсе неғылсын. Шымыр бай қант тауып берер деп жүр еді, сол бірдене таппаса?

Хакім. Бәсе. Сізден шығатынын білем ғой, мен түнеугідей бір жақсы вечер жасасақ деймін. Жалғанның қызығының өзі сол емес пе, женгей!

Айсұлу. Көңіл көтергенді өзім жақсы көрем! Оны енді бірдене қылармыз... Ойбай-ау! Әлі сөзбен айналып отырып қалыппын, ой Бәтіш-ау... той қайда?

Батима. Енді кешігіп қалмай барсаң болмай ма. (Хакімге.) Сағатыңыз қанша болды?

Хакім (сағатын қарап). Он бірге жиырма бес минут кетті.

Айсұлу. Қой ендеше, барайын. (Түрегеліп төргі үйге жүреді.)

Батима (тұрып келіп). Апа, ақшаң бар ма еді?

Айсұлу. Ондық табылар. (Батима төргі үйге жөнеледі.)

(Хакім қолымен ымдап шақырады.)

(Батима көрмегенсіп кетіп қалады.)

## Бесінші көрініс

Хакім жалғыз

Екі қолын қалтасына салып, олай-бұлай аяңдап айнаға барып шашын та-  
рап, жағасын түзеп, тамағын кснелп қоккланып жүреді. Ықылдап ән салыс.

Көзімнің қарасы, көңлімнің санасы.  
Бітпейді-ау ішімде, ғашықтық жарасы.  
Қазақтың баласы жасы үлкен ағасы,  
Бар демес сендей бір адамның баласы.

*(Қыздың есігіне сығалап келіп қайта өлеңдетеді).*

Жылайын, жырлайын ағызып көз майын  
Қалқама келгенде айтуға сөз дайын  
Телміріп қарайсын тереңден тұрмайсып  
Бейхабар жүргенсіп, бек қатты сынайсың.

## Алтыншы көрініс

ХАКІМ, БАТИМА

Б а т и м а *(кіріп келіп)*. Қетіп қалған жоқсыз ба?

Х а к і м. Неге кетейін, кеткен жоқпын.

Б а т и м а. Апам кеткен соң келсеңіз қайтеді.

Х а к і м. Жарайды ендеше, ә! Не айтайын деп едім, ә! Бүгін бастаңғы істейді екенсіз ғой.

Б а т и м а *(күліп)*. Немененің бастаңғысы? Мен қалай бастаңғы істей алам. Менің қолымда ас бар ма?

Х а к і м. Астан басқадан да істеуге болады. Апаң қазір кете ме?

Б а т и м а. Қазір кетеді.

Х а к і м *(жақындап)*. Менен хат алдың ба?

Б а т и м а *(жымыып)*. Жоқ.

Х а к і м *(тақданып)*. Рас па?!

Б а т и м а *(күлімсіреп)*. Рас.

Х а к і м. Жарайды, алмасаң алмай-ақ кой... Үйде оңаша боласың ғой.

Б а т и м а. Оны қайтесің?

Х а к і м. Так, біліп қоюға.

Б а т и м а *(күліп)*. Білмей-ақ қойыңыз.

Х а к і м *(жақындайды, Батима шегінеді)* Тұра тұршы, бір сөз айтайын.

Б а т и м а *(артына қарап шегініп)*. Со жерден-ақ айтыңыз.

Х а к і м *(шегініп, қолымен ымдап)*. Бері таман келші! Есітіп қояды деймін.

Б а т и м а *(жақынырақ келіп)*. Ал, немене айтасыз?

Х а к і м. Үйде жалғыз боласың ба?

Б а т и м а. Апам шығып қалады, сіз барыңызшы.

Х а к і м. Олай болса, мен бір айналып келейін.

Б а т и м а (*қылымсып*). Келмей-ақ қойыңыз.

Х а к і м (*таңданып*). Неге?!

Б а т и м а. Сол.

Х а к і м. Батима! Маған неге сенбейсің, ойының ба, шының ба? Өзің түгіл кәртішкеңді күнінде жүз көрмесем шыдай алмаймын, сен ойын қыласың. (*Батиманың қолын ұстап төмен қарап мұңаяды.*)

Б а т и м а. Сөздің жөнін айтамын, мені әуре қылып қайтесіз!

Х а к і м. Қалайша, неменесі әуре.

Б а т и м а. Бәрібір сіз мені алмайсыз.

Х а к і м (*ренжіп*). Ылғи маған айтатының осы, себебі не? Айтшы шыныңды?

Б а т и м а. Басыңыз бос емес, кісіні текке нетесіз.

Х а к і м (*қаттырақ сөйлейді*). Бұл не деген сөзін, мен әлдеқашан айтқаным жоқ па? Бір қатынды тастай алмасым бар, менің кісі болып жер үстінде жүргенім кұрысын.

Б а т и м а (*артына қарап ернін қысып*). Ақырын сөйлеңіз.

Х а к і м. Жоқ, енді сен, сенбей кісіні күйдіріп жібересің, оқыған кісі мұндай сөзді айтпайды. Сен оқымағандықтан айтасың.

Б а т и м а (*өкпелеп*). Менің оқымағанымды жана білгенсіз. (*Қолын тартып.*) Коя беріңізші.

Х а к і м (*жібермейді*). Жоқ, біреуді біреу зорлап ұстап тұра алмайды. Көңілім сүймейді, тастаймын? Қазақтың былшылы менің кұлағыма биттей кірмейді.

Б а т и м а. Сіз барыңызшы, қазір апам шығады!

Х а к і м. (*өзіне таман тартып бетінен сүйіп алып күліп қоя берді*). Жарайды, келем.

## Жетінші көрініс

### А Й С Ұ Л У, Б А Т И М А

А й с ұ л у. Әлгі Хакім қайда, кетіп қалған ба?

Б а т и м а. Кетіп қалды.

А й с ұ л у. Неге келген екен?

Б а т и м а (*томсарып*). Сыраға келіп жүр де, онан басқа не дейсің?

А й с ұ л у. Жарайды, қарағым, мен барамын енді, үйден шықпа!

Б а т и м а. Барсаң енді тез бар, жылдам қайт.

(*Айсұлу шығып кетеді.*)

## Сегізінші көрініс

Б а т и м а ж а л ғ ы з

Батима айнаға барып шашын таранды. Тарағын, шөлбесін көреді, бойын сылайды. Айнаға алмыстап қарайды, жақындап қарайды. Олай-бұлай жүріп өзіне-өзі көңілі толған кісіше айнаның алдына орындыққа отырып омырауынан медальонын алып қарайды.

Әуе! Әлде қай жерде жүр екен, қашан көрем жүзінді, өзге қандай зыяқ болса да, саған тең емес. Дүниеде алған жарым сен болсаң арманым болмас еді. Не керек, мені менсінбейсің ғой. Мені ұмыттың ғой. Маған бір хат та жазбайсың, менен басқа талай ғашық жарың бар ғой, оған кім ғашық болмайды. Оқыған бір қызды тауып алды ғой, Менің әкемнің байлығын неғылсың? Байлық кісіге жолдас бола ма, талай байдың қызы теңіне бара алмай жүрген жоқ па?.. Күдай-ай... Неге оқымадым екен, әкесі құрғыр-ай. Жасымда неге оқуға бермеді екен, оқысам басым бос болар еді.

Қайда барсам еркім болар еді. Бүйтіп үйге қамап қояр ма еді. Оқысам мені қай қара таяқ алмас еді!.. Қара таяқтар алам деген болады, бәрі де ғашық болып хат жазады, бір сыйдақ хат болды, қайсы біріне сенесің, қайсы біріне жетерсің. Рахметтің қызы құсатып алдай кете ме деп әпкі қорқамын, бәрінен де Хакімнің жігіттігі артық, дәулеті бар, тұратын қызметі де жақсы, жұрттың аузына ілініп, атағы да шығып тұр.

Шешен, қалжыңшыл, ақ жарқын... оның бірақ аузы кішкене үлкендеу, көзі әнтек қылнау, қатыны тағы бар, тастаймын дейді. Кім біледі, оған Нұрмақ жақсы болар еді, жас, бойдақ жігіт, хатты қандай әйбат жазады. Үлгі өлеңмен жазып, кісінің жүрегін елжіретеді, бірақ ол жарқырап көзге көп түспейді, атак алатын жігіт емес пе деп ойлаймын, апашадағысын білмеймін, көбінесе сөйлемейді өзі. Оның қолы бір түрлі мап-майда, маңдайы қандай жақсы... Әбу-тәліп мұғалім де хат жазып жүр, о да жаман жігіт емес, несі бар? Бір кісіге күйеу болуға жарамай ма? Бірақ оның қатыны өлген, өлген кісінің киімінен қорқушы ем, оның орысша білмейтіндігі тағы бар. Хатты қалай нағашылап жаза ма қалай, кей сөзіне түсінбеймін. (Айнаға қарап қуанып.) Күдай-ай, жұрттың бәрі маған ғашық! Мен де бәрінің көңілін қалдырғым келмейді, Мен бәрінің сырын білем, олар бірін-бірі білмейді, бәрінің есі шығып бітті-ау, байғұстарын мұнан қызық болар ма?

(Жымиып күліп отырады.)

## Тоғызыншы көрініс

Б А Т И М А, Н У Р М А Ш.

Н ұ р м а ш (үйіне кіріп келіп). Жолы болар жігіттің...

Б а т и м а (ұшып түрегеліп жүрегін басып). Ах! Шошып кеттім ғой.

Н ұ р м а ш. Менен бе, басқадан ба?

Б а т и м а. Жоқ сізден емес... сізді келеді деген биттей ойымда жоқ еді.

Н ұ р м а ш. Олай болса мен турада аз ойлайсыз екен?

Б а т и м а. Жоқ, мен сізді ойламаймын дегенім емес, келе қояды деп ойлаған жоқ едім.

Н ұ р м а ш. Үйде өзіңізден басқа кісі жоқ па?

Б а т и м а. Жоқ.

Н ұ р м а ш. Онда мен жұлдыздың онына шыққан болам ба?

Б а т и м а *(жымсып)*. Қайдан білейін.

Н ұ р м а ш. Менім бағым бар екен, альбомыңызды бере кетейін деп кіріп ем, кезек жерде кез болған дегендей, жеке отырғаныңыз-ға дәл келермін бе?

Б а т и м а. Қане, жаздыңыз ба?

Н ұ р м а ш. Бірдеңе жазған болдым. *(Көрсетіп)*. Бірақ қандай әдемілеп жазсам да, жас жүректің толқындарын суреттеп жеткізе алатын емеспін.

Б а т и м а. Әкеліңізші көрейін.

Н ұ р м а ш *(қалтасынан альбомын алып күлімсіреп ойнап отырады)*. Беруге ұялып отырмын.

Б а т и м а. Өзіңіз жазып тұрып несіне ұяласыз?

Н ұ р м а ш. Кетерде берейін, мен кеткен соң оқырсыз.

Б а т и м а. Жоқ әуелі өзіңіз оқып беріңіз.

Н ұ р м а ш. Жоқ енді кетерде берейін. *(Қалтасына сала бергенде Батима жұлып алады, Нұрмаш таласып ұмтылады. Батима бермейді, Нұрмаш белінен құшақтап таласқан болып жүріп, бетінен сүйіп алады.)* Бере тұрыңызшы, тұра тұрыңыз деймін.

Б а т и м а *(күліп)*. Берілмейді, альбомда дауыңыз бар ма? Мұныңыз қалай?

Н ұ р м а ш. Мұным солай, сен әлі альбомды айтасың мен онан үлкен де дауым бар деп жүрмін.

Б а т и м а *(қылымсып)*. Қоя беріңізші.

Н ұ р м а ш *(бетіне қарап күліп)*. Әкеліңіз енді, қане ендеше өзім оқып берейін.

Б а т и м а. Алдамайсыз ба?

Н ұ р м а ш. Менің алдағанымды қашан көрдіңіз.

Б а т и м а. Жарайды ендеше сенейін.

Н ұ р м а ш. *(жайлап нығыздап оқиды. Батима күлімсіреп, біресе Нұрмаштың аузына, біресе төмен қарап тыңдайды.)*

Қиылған қасып, құндыздай кара шашып  
Бұлаңдай көзің жаудырап, арқада бұрымның  
Ағытылған өмірің, шашбауың жүрер саудырап.

Н ұ р м а ш *(Батимаға қарап)*. Енді оқымаймын.

Б а т и м а. Уәденіз солай ма еді, оқыңыз.

Н ұ р м а ш. Жарайды.

Мөлдiреген көзiндi  
Сынықсыз тәттi сөзiндi,  
Көргенде жүрек балбырап

*(Батима қабап масаттанып қолды, Нұрмаш қызуланып.)*

Бұны жүрек сезгенде  
Жүйрік княз кезгенде

Бой босап майдай еріп  
Қорғасындай балқып,  
Қеудеге шок түскенде  
Қызарып бетім үскенде  
Бұралып бойым  
Әлсіз аяғым тайып  
Құшағымды жайып...

*(Батимаға құшиғын жайып құшақтауға айналады.)*

**Б а т и м а** *(ұшып түре келіп терезеге барады, Нұрмаш соңынан барады, Батима терезеге қарап).* Ойбай, Тәліп мұғалім келе жатыр, осында келмесе жарар еді.

**Н ұ р м а ш** *(терезеге қарағансып Батиманы құшақтап).* Япырай, ол ит қай жақтан сап ете түсті, мұнда келетін болса мен көрінбеймін. *(Екеуі де терезеден басын тығып сығалап тұрады.)*

**Б а т и м а.** Әне, осы үйге бұрылды.

**Н ұ р м а ш.** Енді мен қайда тығылдам?

**Б а т и м а.** Отыра берсең болмай ма?

**Н ұ р м а ш.** Жок, ойбай, ол біліп қойса бәле болады.

**Б а т и м а.** Енді қайда тығыласыз?

**Н ұ р м а ш.** Керсуеттің астына кіре тұрсам қайтеді?

**Б а т и м а.** Жарайды. *(Нұрмаш керсуеттің астына кіреді. Батима сасып біресе есікке, біресе төрге жүзіріп орындыққа отыра қалады.)*

### Оныншы көрініс

БАТИМА һәм ӘБУТӘЛІП.

**Ә б у т ә л і п.** Ассаламғаликім.

**Б а т и м а** *(көзінің қырымен қарап).* Жоғары шығыңыз.

**Ә б у т ә л і п** *(қолын ұстап).* Жаксы, саламатсыз ба?

**Б а т и м а** *(ақырын ғана).* Шүкір.

**Ә б у т ә л і п** *(жан-жаққа қарап).* Кісілеріңіз қайда кеткен.

**Б а т и м а.** Үйде жок. *(Сасып.)* Қазір келеді.

**Ә б у т ә л і п.** Жок, оларда артық шаруам жок. *(Біраздан соң.)*

Мұнда кешігіп тұруға уақытым жок, сондықтан берілген минутты босқа өткізбей уағда етілген сөздің нәтижесіне шықсақ деймін.

**Б а т и м а** *(сөзін бөліп шытынап).* Мен сөзіңізге тіпті түсінбеймін. Әкеммен сөзіңіз болса, өзі келген соң сөйлесерсіз... қазір апам келеді.

**Ә б у т ә л і п.** Сіз қалайша ұқпайсыз, мен ашықтан ашық айтып отырмын ғой.

**Б а т и м а.** Мұғалім, өзі келген соң сөйлесерміз.

Әбутәліп. Менің ойымша басты бір берген соң қайтпасқа керек, катып қалу керек. Адам туыстығы арқасында ғана мақсұтқа жетеді.

*Батима ернін қысады, Әбутәліп оны байқамай сөйлей береді.*

Б а т и м а (төмен қарап). Сөзіңіз болса апамдар келген соң, басқа уақытта айтарсыз. Қазір сөйлесуге уақытым жоқ.

Әбутәліп. Мен сіздің маған бұлайша қарағаныңызға кием кетеді, сіз мені әйелге ыңғайы жоқ бір суық жан деп ойлайтын шығарсыз; бірде олай ойлауға жарамайды, адамшылықтың бір негізі — әдеп. Әдеп тұрған жерде иман тұрады деген пайғамбардың халисі бар. Бірақ сырты әдепті кісінің жүрегі салқын болады деп ойлау лайық емес. Менің жүрегімде де ыстық қан бар. Мен махаббатты қатты білемін.

Б а т и м а (бұлқынып). Қоя беріңізші.

Әбутәліп. Тұра тұрыңыз, мен түн ұйқымды төрт бөліп һаман сізді ойлап шығамын. (Омыраулап.) Мені сүйесіз бе?

Б а т и м а (қолын жұлып алып тұра жөнеледі). Бір түрлі адам екенсіз ғой...

Әбутәліп (артынан ұмтылып). Кішкене... (Батима қарамай шығып кетеді.)

## Он бірінші көрініс

### ӘБУТӘЛІП жалғыз

(Олай-бұлай жүріп). Бұ қалай? Анаугі Батиманың қайырған жауабы бек жақсы еді. Бүгінгі салқын қарауынан мұрат маған мәдеббеті болмағанға ұқсайды бұ не гажап. Менін әйелмен көп астас болмағаным ба, болмаса жалпы әйел халқының мінезі солай ма әйтеуір біле алмадым.

(Басын шайқап.) ым... ым! Қатын мәселесі қиын мәселе, кісіні жынды қылады. Алмайын десең тағы болмайды.

Киімінді біреуге жуғызып, біреуге тамақ істетіп, төсекті жиып жүру артық мехнат. Оңай бір кедейдің қызын ала қоюды да білемін, бірақ кедей төсек-орнын жөндеп бере алмайды. Үй жиһазын алуға қанша ақша керек. Оны мен қайдан аламын, қатыным сұлу болса, қайным бай болса деп мақсұт қылушы ем, сол мақсұтқа осы қыз тура келіп еді. Өзі бір байдың жалғыз қызы, жасау анау, үй мүлкі, обороты мынау. Қай қара таяқтың мендей қайны болар еді?! Мұндай қатынмен маған мұқтаждық бар ма? Расходтың бәрін артып қойып, оқысам да, бала оқытсам да, жай жүрсем де болмас па еді. Білмеймін енді осыдан тағы айрылып қалам ба? Бұдан ешбір рухты салбырату жарамайды, тырысып ғамал қылу керек.

(Есіктің ар жағынан дауыс естіледі, Әбутәліп тыңдай қалады.)

Бірінші дауыс. Жүр, үйге кіріп сөйлесейік.

Екінші. Үйде кісі бар ма?

I- О-гім! (Әбутәліп сасып олай-бұлай жүгіріп кереуеттің астына басып суға түсіп, жұлып алады. Кереует алдында шоқып отырады.)

II- Ойнап айтам, бірақ апам келеді қайтыңызшы.

I- Жүр кішкене отырып шығам.

II- Ағатай сұрағаным, кірменізіші.

I- Үйге біреуді тығып қойған шығарсың?

Нұрмаш (кереуеттен басын қылқытып Әбутәліпке). Бері кел, бізді құдай ұрды. Не де болса Хакімге көрінбей жатайық. (Әбутәліп жан-жаққа алақтап қарап кіріп кетеді.)

### Он екінші көрініс

БАТИМА һәм ХАКІМ.

Хакім (Батиманың қолынан жетектеп кіреді). Қане? Кісі бар дегенің қайда?

Батима (көзінің қырымен керсуетке қарап). Жоқ, ойнап айтқамын.

Хакім (Батиманы орындыққа отырғызады). Отыр! (Өзі қасына отырады. Батима түрегеліп аулағырақ барып отырады.) Менің қасымнан неге кетіп қалдың?

Батима (жүрегін басып). Жүрегім бір түрлі тулап бара жатқаны несі?!

Хакім. Қуанарсың, жүрегінді байқасам қайтеді?

Батима. Жоқ. Байқамай-ақ қойыңыз... Ағатай мен қорқып отырмын барыңызшы.

Хакім. Кімнен қорқасың?

Батима. Білмеймін, жүрегімнің кейде көтерілетіні бар еді. Сонысы ұстап отыр білем.

Хакім. Үйреншікті болса оқа етпес.

Батима. Қалжынды қоя тұрыңызшы, өзімнің жайым келмей отыр.

Хакім. Мана сап-сау едің ғой?

Батима. Ауру алыс па?

Хакім. Ауырсаң дәрігер әкелейін.

Батима. Жоқ сұмдықты айтпаңызшы.

Хакім. Бұрын мұндай емес едің, бірдене есіттің бе, маған әлде өкпең бар ма?

Батима (мұңайып). Жоқ, ешкімге де өкпем жоқ.

Хакім (түрегеліп Батимаға жақындап). Өкпең қайтсе жазылады?

Б а т и м а (тұрып шегінің). Ағатай сізден сұрағаным, барыңызшы.

Х а к і м. Мана кел дегенің...

*Батима ернін қысып, қолын сілтеп, сөйлетпейді.*

Х а к і м (құлағын тігіп). Немене? Біреу келе жатыр ма?

Б а т и м а. Тықыр шығады. *(Екеуі де тыңдай қалады.)*

Д а у ы с. Уай, атты доғармай тұра тұршы.

Б а т и м а. Ойбай-ай, енді қайттың?!

Х а к і м. Мен төргі үйге барайын, сен байды айналдырып жіберме. *(Төргі үйге кіріп кетеді, Батима орындыққа отырып басын ұстай қояды.)*

### Он үшінші көрініс

БАТИМА һәм бай.

Б а й (Батимаға қарап). Қарағым, апан келген жоқ па?

Б а т и м а. Жоқ әлі.

Б а й. Немене, басың ауырып отыр ма?

Б а т и м а. Ия.

Б а й (Батиманың маңдайын ұстап). Далаға көйлекшең шығасын, суық тиіп қалған шығар, төр үйге барып жатсайшы.

Б а т и м а. Үйде кісі жоқ болған соң отырмын.

Б а й. Бар қарғам, жат.

*Батима кетпейді.*

Б а й (орындыққа отырып, қолына шотты алып, қалтасынан кінешкесін суырып, шот қаға бастайды). Әлгіде артық ақшам кетті ме деп отырғаным мынау 7700 сом және 250 сомнан 750 сом, жармында 1250 сом. Сонда бәрі болады 9 мың тоғыз жүз 50 сом... Хош, бұған бердім 500-ден 12 қағаз, оны 500 және төртеуі... Үш мың, бәрі болады 9000 сом, 25 сом қайырып алдым... Онан 25 далой, сонда қалады 8975 сом. Ия, тағы немене... Кісіден алатын ақшаларым бар ма екен, күні толған вексель бар шығар, вексельдерді бір қарап өту керек екен, чемоданым қайда екен. *(Қалтасынан бумажниғын алып ішінен кілтті тауып алады.)* Кереуеттің астына койған сияқты едім... Батжан да жатып қалды-ау. *(Кереуеттің астын ашып жіберіп.)* Уай! *(Жалтақтап жығылып қала жаздап қайта тұрып қарайды.)* Уай! Мына жатқандар кім?! Мұнда неғып жа... неғып... мұнда... жатырсындар! *(Хакім есіктен қылтыңдап сығалап тұрады, Нұрмаш, Әбу-тәліпке қарап жатқанда ептеп басып, ақырын шығып кетіп бара жатқанда бай көріп қалады.)*

Б а й. Уай, сен қайдан жүрсің?

Х а к і м. Мен жана келіп едім, һәр қайсымыз әр жерге тығылып сізді бір шошытайық деп едік.

Thank you for evaluating AnyBizSoft PDF Splitter.

A watermark is added at the end of each output PDF file.

To remove the watermark, you need to purchase the software from

<http://www.anypdftools.com/buy/buy-pdf-splitter.html>